П. 1.1, 1.4, 1.5, 1.6, 1.9, 1.12, 1.21, 1.22, 1.24, 2.6, 3.3, 3.6, 3.8, 3.3.1, 3.9, 3.12, 3.16, 3.24.4, 3.24.6, 3.30, 3.31, 5.8, 5.11, 5.24, 5.25, 5.26, 5.28, 5.29, 5.30, 5.31, 5.36, 5.38, 5.39, 5.40, 5.41, 5.42, 7.7, 7.9, 7.10, 7.17, 7.27, 8.2, 8.11, 8.12, 8.13, 8.14, 8.18, 8.21, 8.26, 8.28, 8.44, 9.14 изменены по приказу № ОД-130 от 3 сентября 2022 г.

П. 6.1 – 6.25 изменены и добавлены по приказу № ОД-109 от 6 марта 2023 г.

П 1.2, 1.5-1.7, 1.9-1.11, 1.15, 1.16, 1.18-1.21, 1.26, 1.27, 2.6, 3.5, 3.24.24, 5.3, 5.17, 5.21, 5.30, 5.31, 5.35,5.36, 5.39, 5.40, 5.42, 5.44-5.46, 7.8-7.10, 7.17, 7.23, 7.26, 7.29, 7.35, 8.6-8.8, 8.24, 8.42, 8.44, 8.46, 9.27 изменены и добавлены по приказу № ОД-411 от 19 сентября 2023 г.

П. Введения 4), 5), 8), 9), 11), 12), 14), 17), 1.7, 5.3, 5.4, раздел 10 изменены и добавлены по приказу № ОД-455 от 3 октября 2024 г.

П. 1.19 – 9.29 изменены и добавлены по приказу № ОД-294 от 25 апреля 2025 г.

Введение, п. 3.10, 5.30, 7.23, 7.24, 8.26 изменены по приказу № ОД-472 от 16 июня 2026 года

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңесімен
20 21 жылғы 27.08 № 1 хаттама
БЕКІТІЛДІ
«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңесінің төрағасы
Е. Шұланов

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Кіріспе

М. Қозыбаев атындағы СҚУ академиялық саясаты академиялық адалдық, сапаның ішкі қамтамасыз етілуі, инновациялар мен интернационаландыру ұстанымдарына негізделген.

Академиялық саясатты университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері, ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушылары орындауға міндетті.

ҚР қолданыстағы заңнамасы мен ЖОО-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Академиялық саясаттың талаптарын бұзу университеттің лауазымды тұлғалары, ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларына тәртіптік жаза қолдануға негіз болып табылады.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ академиялық саясаты, ЖОО-ның басымдылықтары мен міндеттерін ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленген:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі No 319-III Заңы;
2) Қазақстан Республикасы Президентінің ЖОО Жарлығымен 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;

3) Қазақстан Республикасының Президенті 2015 жылғы 20 мамырда бекіткен «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспары.

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

5) Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 Үкіметтің қаулысымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, өзін-өзі жұмыспен қамту құқығын беру, міндеттен босату немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған азаматтардың еңбек міндеттілігін тоқтату ережелері;

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің үлгілік қағидалары;

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің үлгілік қағидалары;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізімі.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты;

12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты;

13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру ережесі;

14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру ережесі;

15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі;

16) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға жіберу, ережесі;

17) 2020 жылғы 24 желтоқсанда Директорлар кеңесі бекіткен 2020-2024 жылдарға арналған М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін дамытудың стратегиялық жоспары.

Академиялық саясат университеттің Ғылым Кеңесінде бекітіледі және нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі нормативтік құжаттардың өзгеруі кезінде қайта қарастырылуы мүмкін.

Қысқартулар тізімі

БП	Базалық пәндер
ЖООК	ЖОО компоненті
АЖОО	Арнайы жоғары оқу орны
ЖОО	Жоғары оқу орны
ЖБМЖМС	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ЖООКБМЖМС	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ҚАК	Қорытынды аттестаттау комиссиясы
ЕДБ	Екі дипломды білім беру
АҰИД	Академиялық ұтқырлық және интернационалдыру департаменті
ҚБТ	Қашықтықтан білім беру технологиялары
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тест
ҚА	Қорытынды аттестаттау
ҚАК	Қорытынды аттестаттау комиссиясы
УААБК	Университетті ақпараттық-аналитикалық басқару кешені
СЖК	Студенттің жеке коды
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
БТ	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МББ	Модульдік білім беру бағдарламасы
ҒЗЖ	Ғылыми зерттеу жұмысы
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері
ББ	Білім беру бағдарламасы
БП	Бейіндік пәндер
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚР	Қазақстан Республикасы
СҚУ	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
БОӨЖ	Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
ҚББЖ	Қашықтықтан білім беруді басқару жүйесі
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім беру
ТОЖ	Типтік оқу жоспары
ПрӘК	Практиканың оқу-әдістемелік кешені
МОӘК	Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МжЖҚО	Мансап және жұмыспен қамту орталығы
ТК	Тіркеу кеңсесі
ДОЭ	Дуальді оқуты элементтері
ПЭОӘК	Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені

Негізгі терминдер

Академиялық ұтқырлық	білім алушыларды немесе зерттеуші - оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып, өз ЖОО-да немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.
Академиялық еркіндік	білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында таңдау компоненттеріндегі пәндері мен оқытудың қосымша түрлері бойынша білімнің мазмұнын өздері анықтап және білім беру қызметінұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілеріне берілетін өкілеттіктер жиынтығы.
Академиялық дәреже	қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже.
Академиялық күнтізбе	оқу жылы бойы демалыс күндері (каникулдар мен мерекелерді) көрсетілген оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.
Академиялық кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі.
Академиялық демалыс	білім алушылар (студенттер, интерндер, магистранттар, тыңдаушылар, докторанттар) медициналық көрсеткіштер бойынша, Қарулы Күштерде қызмет өтуіне, жүктілігі мен босануы және 3 жасқа дейінгі баланы күтуге байланысты өз оқуын уақытша үзу кезеңі.
Академиялық кезең	семестр, триместр, тоқсан, үш нысанның бірінде, білім беру ұйымы өз бетінше белгілейтін теориялық оқыту кезеңі.
Білім алушының академиялық рейтингісі	Аралық атестаттар нәтижелері бойынша жасалған білім алушылардың оқу бағдарламалары және (немесе) модульдерді және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.
Белсенді үлестірмелі материалдар	Білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты игеру уәждемесін арттыру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі иллюстрациялық материалдар (дәріс тезистері,сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).
Академиялық сағат	академиялық сағат - оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу, кезінде пайдаланылады.

Академиялық адалдық	жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау кезінде, емтихандағы жауаптарда, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы.
Апелляция	Білім алушының бастамасы бойынша, білімнің объективті бағалануына күмәндану жағдайда, өткізілетін процедура.
Бакалавр	жоғары білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.
Бакалавриат	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игерген, «бакалавр» дәрежесін алған кадрларды даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
Оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік жүйемен бағалау	білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін, халықаралық тәжірибеде қабылданған сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін оқу жетістіктері деңгейін балл түрінде бағалау жүйесі.
ЖОО компоненті	білім беру бағдарламасын игеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі.
Жоғары арнайы білім (мамандану)	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша міндетті түрде кемінде 300 академиялық кредитті игерген, маман біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
Екі дипломды білім беру	екі дипломды білім беру – екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.
Қос дипломды ББ	әріптес-жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар
Дескрипторлар (descriptors)	білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыреттерінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы; дескрипторлар оқыту нәтижелері, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделеді.
Дипломдық жұмыс	Студенттің таңдаған мамандық саласындағы өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерінің тұжырымы болып табылатын бітіру жұмысы.
Дипломдық жоба	студенттің жобалау тәсілдерін қолдану арқылы және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді өз бетінше шешу болып табылатын бітіру жұмысы.

Қашықтықтан білім беру технологиялары	білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-әрекеті кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникация құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқыту.
Дифференциалды сынақ	«Дене шынықтыру», «Манаштану» пәндерін игеру деңгейін бағалау және кәсіби практика бағдарламасын орындау түрі.
Докторантура	білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игерген, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар аярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
Философия докторы (PhD)	ҚР заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура (PhD) бағдарламасын игерген және ҚР-сы немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін дәреже.
Қосымша білім беру бағдарламасы (Міпог)	қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушылары анықтаған пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.
Дуалды оқыту	кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі негізінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.
Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттержинақтау жүйесі (ECTS)	студенттің шетелде алған несиелерін білім беру ұйымына қайтып оралғаннан кейін ғылыми дәреже алуға есептелетін несиеге аудару әдісі, сондай -ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде несие жинақтау.
Оқу пәніне жазылу	білім алушыларды оқу пәндері бойынша тіркеу тәртібі.
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына өз бетінше қалыптастыратын студенттің оқу бағдарламасы.
Инклюзивті білім беру	арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқу бағдарламаларында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің және оқу қызметінің басқа түрлерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.
Элективті пәндер каталогы	оқу мақсатын көрсететін қысқаша сипаттамасы, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер) мен күтілетін оқу нәтижелері (білім алушылар алған білім, дағдылар мен дағдылар) бар элективті компоненттердің пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі.
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын бағыттардың жіктелуі мен кодталуын белгілейтін құжат.

Құзыреттіліктер	оқу процесінде алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын кәсіби қызметте іс жүзінде қолдана білу қабілеті.
Таңдау компоненті	жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдай алатын оқу пәндері мен тиісті академиялық кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі.
Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау	жоғары оқу орны дербес анықтайтын әр түрлі бақылау түрлері (ағымдық, аралық және қорытынды) мен аттестаттау арқылы студенттердің білім деңгейін тексеру.
Кредиттік ұтқырлық	студенттерді шектеулі мерзімге шетелде оқу немесе тағылымдамаға көшіру - өз университетінде үздіксіз білімнің бір бөлігі ретінде - академиялық кредиттерді жинақтау үшін (ұтқырлық кезеңінен кейін студенттер оқуын аяқтау үшін өздерінің білім беру ұйымына оралады).
Кредиттік оқыту технологиясы	студенттің оқу кредиттерін жинақтай отырып, пәндерді және (немесе) модульдерді оқу реттілігін таңдауы мен өзін-өзі жоспарлауына негізделген оқыту.
Магистр	магистратураның кәсіби оқу бағдарламасын игерген тұлғаларға берілетін дәреже.
Іскерлік әкімшілендіру магистрі	MBA немесе EMBA бағдарламасын меңгерген адамдарға берілетін дәреже
Магистратура	кемінде 60-120 академиялық кредиттерді міндетті түрде игеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.
Пәнаралық жоба	әртүрлі салалардағы білімді, іскерлікті және құзыреттілікті пайдалана отырып, нақты практикалық міндетті шешуге бағытталған және әдетте бір немесе бірнеше басшылардың басшылығымен командалық форматта іске асырылатын бірнеше білім беру бағдарламаларының (даярлау бағыттарының) қиылысында кешенді жобаны орындауды көздейтін білім алушының бітіру жұмысы
Микробіліктілік	жекелеген еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін, қысқа оқу кезеңі аяқталғаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы
Модуль	білім алушылардың алған білімдері, дағдылары, құзыреттілігі және бағалаудың тиісті критерийлері бар білім нәтижелері тұрғысынан аяқталған, дербес білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі.
Модульдік оқыту	білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модуль бойынша құру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі.
Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресечпропозал)	зерттеудің мақсаты, міндеттері мен зерттеу әдіснамасы, әдебиеттерді шолу мен зерттеудің күтілетін нәтижелері көрсетілген докторант дайындаған және бірінші немесе екінші оқу жылында университет мақұлдаған құжат.
Біліктіліктің ұлттық шеңбері	біліктілік еңбек нарығында танылатын біліктіліктің құрылымдық сипаттамасы.
Нано-кредит	дербес және аяқталған сипаттағы оқу материалының шағын көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі

Кеңейтілетін дәрежелер (Stackable degree (стакэбл дегри))	әртүрлі салалардан немесе кәсіби қызметтің салаларынан формальды және формальды емес білім арқылы алынған дағдылар мен құзыреттер жиынтығы
Ресми емес білім беру	білім беру қызметін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын, оқыту уақыты мен формасы ескерілмей жүзеге асырылатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат беретін білім түрі.
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижесін бағалау критериилерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
Білім порталы	бұл әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараттарды қамтитын, ҚБТ арқылы оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жүйелі ұйымдастырылған, өзара байланысты ақпараттық ресурстар мен Интернет-қызметтер жиынтығы.
Міндетті компонент	мемлекеттік білім стандартында белгіленген және студенттер оқу бағдарламасына сәйкес міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің тізімі мен сәйкесінше академиялық кредиттердің ең төменгі мөлшері.
Онлайн-платформа	таңдаулы онлайн курстарды оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн білім порталы.
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)	білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында анықтаған білім беру бағдарламасы.
Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімберу ұйымы	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.
Пәннің сипаттамасы	пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (3-8 сөйлемнен тұрады).
Біліктіліктің салалық шеңбері	салада танылатын біліктілік деңгейінің құрылымдық сипаттамасы.
Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығы	білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингісін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.
Пререквизиттер	оқылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білім, біліктер мен дағдыларды қамтитын пәндер және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері.
MBA бағдарламасы	бизнес саласында заманауи білімі мен дағдыларын меңгерген, процестер мен кадр активтерін басқаруға, компания стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді айқындауға және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларға қол жеткізуге қабілетті басқарушы кадрларды даярлау жөніндегі бағдарлама
Прокторинг	бұл емтихан алушының жеке басын анықтау мақсатында онлайн емтиханды (аттестаттау) байқау және бақылау процедурасы.
Постреквизиттер	пәнді және (немесе) модульді оқыту аяқталған соң оларды зерделеу үшін игерілген білім, біліктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері.

Кәсіптік бағдар	білім алушының кәсіби қызығушылықтарын, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, білім беру және кәсіби мүмкіндіктері саласында оның құқықтарын іске асыруда, мамандық пен оқу орнын еркін және саналы таңдауда оған ақпарат беру және консультациялық көмек көрсету.
Кәсіби практика	болашақ кәсіби қызметіне байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білім, іскерлікті бекіту, практикалық дағдылар мен құзыреттілікті иемдену және дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрі.
Кәсіби стандарт	кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұны, сапасы мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.
Білім алушыларды аралық аттестаттау	білім алушылардың оқу пәні және (немесе) модуль, сонымен қатар, кәсіби модульдерді оқып, аяқтаған соң, олардың мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезінде өткізілетін рәсім.
Оқу жұмыс бағдарламасы (silabus)	оқылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды оқу ұзақтылығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.
Оқу жұмыс жоспары	ЖОО білім беру бағдарламасы мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты.
Оқыту нәтижелері	білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар
Аралық бақылау	бір оқу пәнінің тарауы (модулі) аяқталған соң білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.
Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)	тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма және есеп түрінде бақыланатын, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұнұсқаулармен қамтамасыз етілген, өз бетінше оқуға арналған тақырыптардың нақты тізімі бойынша жұмыс. Білім алушылардың санатына қарай студенттің өзіндік жұмысы, магистранттың өзіндік жұмысы, докоранттың өзіндік жұмысы болып бөлінеді; СӨЖ -дің барлық көлемі студенттің күнделікті өз бетінше жұмыс істеуін талап ететін тапсырмалармен расталады.
Білім алушының оқытушынымен өзіндік жұмысы (БОӨЖ)	оқытушының жетекшілігімен студенттің ЖОО немесе оқытушының өзі белгілейтін кесте бойынша жүргізілетін жұмысы; студенттер санатына байланысты: студенттің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы, оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы және оқытушының жетекшілігімен докоранттың өзіндік жұмысы болып жіктеледі.

Сертификат	Онлайн - платформада студенттің оқу нәтижелерін және алынған академиялық кредиттер санын (сағат) бағалауды растайтын құжат. Сертификат оқу туралы куәлік, расталған сертификат немесе ресми түрде берілген және онлайн-платформада оқуы мен оның нәтижесін растайтын басқа да құжат болуы мүмкін. Сертификат тыңдаушыға нысан түрінде беріледі, онда Университеттің атауы, студенттің тегі мен аты-жөні, курстың атауы және кредиттердің мөлшері көрсетілген электронды сертификатқа сілтеме, қолы көрсетіледі, егер оқу Ұлттық Ашық Білім Платформасы (бұдан әрі - ҰАБП)-moooc.kz онлайн – платформасында өткен болса, ол сол платформа операторының қолымен және мөрімен расталады.
Оқытуды басқару жүйесі (LMS)	барлық білім беру іс-шараларын, соның ішінде электронды оқыту, виртуалды аудиториялар мен онлайн – курстар, жоспарлау, өткізу және басқаруға арналған жоғары деңгейлі, стратегиялық шешім.
Бірлескен білім беру бағдарламасы	екі және одан да көп жоғары оқу орындары бірлесіп әзірлеген және жүзеге асырған білім беру бағдарламасы.
Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA)	білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша берілген оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы саны мен қорытынды баға балдарының сандық эквивалентінің қатынасы).
Білім алушылардың үлгерімінің ағымдық бақылауы	академиялық кезең шеңберінде оқытушы өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.
Транскрипт	Кредиттер мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізімінен тұратын құжат.
Тьютор	нақты пән және (немесе) модульді игерудегі студенттің академиялық кеңесшісі қызметін атқаратын оқытушы.
Білім алушылардың оқу жетістіктері	білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, біліктілігі, дағдылары мен құзыреттілігі.
Цифрлік контент	цифрлық оқу материалдарын ақпараттық толтыру (мәтіндер, графика, мультимедиа және басқа ақпараттық маңызды толтыру).
Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі ЦБР)	оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша интерактивтік формадағы дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнеклиптер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық объектілері және интерактивті модельдеу, дыбыстық жазбалар және басқа цифрлік оқу материалдары.
Эдвайзер	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгер қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

Элективті пәндер	білім беру ұйымы енгізген, белгіленген кредит шеңберінде жоғары оқу орны компоненті мен таңдау бойынша компонентіне кіретін және білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қаеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді есепке алатын оқу пәндері.
Оқытудың аралас форматы (ағылшын “Blended Learning”)	бұл арнайы ақпараттық технологияларды қолданатын электронды оқыту элементтері бар аудиториядағы дәстүрлі оқу формаларының жиынтығы.

1. Білім беру бағдарламаларын таңдау саясаты

1.1. М. Қозыбаев атындағы СҚУ білім беру қызметімен айналысуға берілген 2020 жылғы 22 шілдедегі № KZ47LAA00018464 мемлекеттік лицензияның негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бағыттарының Классификаторына сәйкес бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша даярлықты жүзеге асырады.

1.2. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың ББ тізімі университеттің https://ku.edu.kz/ веб-сайтының «Білім беру» бөлімінде («Білім беру бағдарламалары») және ҚР ҒжЖБМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының сайтындағы ББ реестрінде орналастырылған.

1.3. ББ-ларды Дублин дескрипторларының негізінде Ұлттық біліктілік шеңберіне салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес М. Қозыбаев атындағы СҚУ өзі жасайды. Барлық ББ оқу нәтижелеріне бағытталған.

1.4. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты – «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ББ («Жалпы медицина», «Фармация»), «Өнер» бағыты бойынша ББ («Дизайн» ББ) қоспағанда, білім алушының барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

1.5. Жоғары білімнің ББ ерекшеліктеріне қарай жоғары білім беруде оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты ретінде студенттің «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ББ («Жалпы медицина», «Фармация»), «Өнер» бағыты бойынша ББ («Дизайн» ББ) бойынша кемінде 300 академиялық кредитті, үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша кемінде 360 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

1.6. Жалпы орта білімі бар бакалавриат студенттерінің оқу мерзімі бүкіл оқу кезеңінде кемінде 240 немесе кемінде 300 академиялық кредитті және оқу жылы үшін кемінде 60 академиялық кредитті игеру кезеңімен айқындалады.

Студенттер семестрде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын меңгереді Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және бакалавр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде жоғары білімнің білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

1.7. Жоғары білімі немесе техникалық және кәсіби, немесе орта білімнен кейінгі білімі бар бакалавриат студенттерінің оқу мерзімі ресми және бейресми оқыту бойынша алған бұрынғы нәтижелерінің расталуынан кейін анықталады. Оған қоса, білім алушы бір оқу жылында кемінде 60 кредиттен кем немесе одан көп көлемде

пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын қалыптастырса, оның қалауы бойынша оқу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға болады.

1.8. Ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу мерзімі ішінде магистранттың оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 120 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Бейінді бағыттағы магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу мерзімі ішінде магистранттың оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда 60-тан 90-ға дейін академиялық кредитті игеруі болып табылады.

1.9. Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады, ғылыми-педагогикалық магистратура және MBA бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушының бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және магистр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

1.10. Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады, бейіндік магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушының типтік оқу мерзімі 1 жыл болатын кемінде 60 академиялық кредитті, типтік оқу мерзімі 1,5 жыл болатын кемінде 90 кредитті игеруі болып табылады.

1.11. Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады, философия докторларын (PhD) даярлау жөніндегі білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі докоранттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде толық игерілген болып есептеледі. Докторантурада кадрлар даярлау кемінде үш жыл оқу мерзімімен ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1.12. Докоранттардың оқу мерзімі оқудың барлық кезеңіне 180 академиялық кредит және оқу жылына 60 кредиттің игеру кезеңімен анықталады және 3 жылды құрайды. Сонымен қатар, докоранттың өтініші бойынша, егер доктарант бір оқу жылында 60 кредиттен кем немесе одан көп көлемде пәндерден және басқа да оқу іс-әрекет түрлерінен жеке оқу жоспарын құрса, оқу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға болады. Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін немесе бейіні бойынша оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу кезінде докторантураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

1.13. ББ қолданыстағы, жаңа және инновациялық болып бөлінеді. Қолданыстағы ББ Университеттің бакалавриат, интернатура, магистратура және докторантура кадрларын даярлайтын ББ болып табылады. Жаңа ББ – университетте жаңадан жасалынған және бекітілген білім беру бағдарламасы. Инновациялық ББ – бұл Қазақстан Республикасында теңдесі жоқ және алғаш рет білім беру қызметіне енгізілетін білім беру бағдарламасы.

1.14. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытудың білім беру міндеттеріне сәйкес келу дәрежесі бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың ББ бейімделген болып табылады.

1.15. Қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, күндізгі бөлімде оқыту ҚР БжҒМ № 137 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

1.16. Университетте ҚББТ қолдана отырып, күндізгі бөлімде оқыту СҚУ ПТЕ 32 М. Қозыбаев атындағы СҚУ Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ережесімен.

1.17. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) мамандар даярлауды көздейтін үштілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

1.18. Үш тілді білім беру аясында жүзеге асырылатын М. Қозыбаев атындағы СҚУ ББ құжаттары университеттің https://ku.edu.kz/ веб-сайтының «Білім беру» («Білім беру бағдарламалары») бөлімінде көрсетілген.

1.19. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да қосдипломдық ББ және бірлескен (халықаралық) ББ жүзеге асырылады. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да қосдипломдық ББ және бірлескен ББ шетелдік серіктес ЖОО-сымен бірге әзірленеді. Қосдипломдық ББ және бірлескен (халықаралық) ББ М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да және шетелдік серіктес ЖОО-сында да бірдей жүзеге асырылады. М. Қозыбаев ат. СҚУ мен Аризона Университеті қосдипломдық ББ және Аризона Университетімен бірлескен (халықаралық) ББ жүзеге асыру кезінде өздерінің Академиялық саясаттары мен нормативтік құжаттарын жетекшілікке алады.

1.20. Қосдипломдық ББ және бірлескен (халықаралық) ББ бойынша оқыту шетелдік серіктес ЖОО-сымен келісілген ББ және оқу жоспарларын, серіктес ЖОО-дағы оқыту нәтижелерін өзара тану негізінде жүзеге асырылады.

1.21. Білім алушыны Қосдипломдық ББ-ға және бірлескен (халықаралық) ББ-ға қабылдау білім алушының Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың атына жазған өтініші негізінде және оқуға жасалған Шарт негізінде және серіктес жоғары оқу орнымен жасалған келісімге (меморандумға) сәйкес жүзеге асырылады. Қосдипломдық ББ білім алушылары ЖЖОКБҰ-серіктеске қабылдау рәсімінен өтеді.

1.22. Алып тастау.

1.23. М. Қозыбаев атындағы СҚУ ББ дайындық бағытына байланысты 240 немесе 300 академиялық кредит аясында оқытылатын негізгі ББ (Major) қатар, қосымша ББ-мен (Minor) оқыту мүмкіндігін қарастырады.

1.24. Білім алушы ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде оқытудың жеке траекториясын айқындау кезінде негізгі білім беру бағдарламасы (Major (мейджер)) және (немесе) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor (минор)) бойынша пәндерді таңдайды.

1.25. Талапкер мен білім алушы білім беру саласы және даярлау бағыты аясында ББ таңдауға құқылы.

1.26. Алып тастау.

1.27. Алып тастау.

2. Қабылдау саясаты

2.1. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да бакалавриат, магистратура, докторантураның ББ-ларына білім алушыларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті

бюджет қаражаты есебінен, білім алушының өз қаражаты және басқа да көздер есебінен төлем жасау арқылы жүзеге асырылады және Университеттің Қабылдау ережелерімен реттеледі.

2.2. М. Қозыбаев атындағы СҚУ бакалавриатының ББ-ларына жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады. Аризона Университетімен қосдипломдық ББ-ға қабылдау үшін талапкерлер CEFR шкаласы бойынша ағылшын тілін B1-ден төмен емес білу деңгейін келесі сертификаттардың бірін міндетті түрде ұсына отырып растауы тиіс: TOEFL iBT – 42-ден кем емес; TOEFL ITP – 460-тан кем емес; IELTS – 5.0-ден кем емес; Duolingo English Test – 60-тан кем емес; СҚУ берген CEFR шкаласы бойынша B1-ден төмен емес деңгейге тапсыратын растайтын тест.

2.3. М. Қозыбаев атындағы СҚУ магистратурасына жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.4. М. Қозыбаев атындағы СҚУ докторантурасынның ББ-на «магистр» дәрежесі және 1 (бір) жылдан кем емес жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

2.5. Бакалавриат, магистратура, докторантураның ББ қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне оқуға қабылдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2.6. MBA ББ қабылдау және тіркеу «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ MBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Университеттің академиялық қауымдастығының өзара қарым-қатынас саясаты

3.1. Университеттің академиялық қауымдастығына білім алушылар, ПОҚ, университет әкімшілігі, бөлімшелердің жетекшілері мен қызметкерлері кіреді.

3.2. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да білім алушылары төмендегідей жіктеледі: білім алушылар – білім беру бағдарламасын игеру және академиялық дәреже алу үшін Университетке қабылданған студенттер, магистранттар, докоранттар; алмасу бойынша білім алушы – бір немесе бірнеше семестр бойы Университетте оқитын (академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім т.б. бағдарламалары бойынша) серіктес университеттің студенті, интерні, магистранты, докоранты; білім алушы-тыңдаушы – «Foundation» факультетіне қысқа мерзімді курстарға (9 айға дейін) қабылданған тыңдаушы, қайта қабылданған немесе басқа ЖОО-лардан ауысқан интерндер, ҰБТ-дан шектік ұпайды жинамаған – шартты түрде қабылданған студенттер.

3.3. Университетте академиялық ортадағы қатынастарды реттейтін келесі құжаттар қабылданған: Ішкі сапаны қамтамасыз ететін саясат пен стандарттар, Академиялық адалдық ережелері, М. Қозыбаев атындағы СҚУ Корпоративтік этика кодексі.

3.3.1. Факультет базасында білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттары, бағалау саясаты және факультеттің басқа да академиялық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын,білім алушыларға білім беру бағдарламалары мен (немесе) пәндер/модульдердің сапа сәйкестігі, академиялық адалдықты бұзу фактілері бойынша сауалнама жүргізуді ұйымдастыратын сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия құрылаған.

Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің құрамына университеттің оқытушылары, студенттері, магистранттары мен докоранттары және басқа да академиялық қызметкерлері кіреді. Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің отырысына университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері қатысады.

3.4. М. Қозыбаев атындағы СҚУ білім алушылары, ПОҚ, университет әкімшілігінің өкілдері, басшылары мен қызметкерлері университет мүдделері мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасамауы тиіс.

3.5. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың білім алушысына АҚД-ның Тіркеу кеңсесімен – өткізу картасы, кітапханадан – оқырман билеті беріледі.

3.6. М. Қозыбаев атындағы СҚУ білім алушыларына қойылатын міндетті талаптар: сабаққа қатысу, кәсіптік тәжірибелерге уақытылы қатысу, оқу тапсырмалары мен жұмыстарының барлық түрлерін академиялық күнтізбе және жеке оқу жоспарына, магистрант/ доктаранттың жеке жұмыс жоспарына, кәсіптік практиканың жоспар-кестесіне, жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес Университет белгілеген мерзімде орындау, қорғау үшін кәсіптік тәжірибе бойынша есепті, магистрант/ доктаранттың жеке жұмыс жоспарының орындалу бойынша есепті уақытында тапсыру, үлгерімді бақылаудың барлық түрлерінен, соның ішінде магистрантар мен докоранттарды аттестаттаудан, қорытынды аттестаттаудан уақытында өту.

3.7. Білім алушы оқу сабағын босатқан жағдайда Электрондық сабаққа қатысу журналына «о» ұпайы қойылады.

3.8. Сабақтарды, ағымдық, бақылауларды белгілі бір себептермен босатқанын растайтын құжаттар бар болған жағдайда білім алушыға БОӨЖ-де босатқан сабақтарын өтеп, ұпай жинауға мүмкіндік беріледі. Ол үшін білім алушы, оның заңды өкілі немесе білім алушының туыстары үш тәулік ішінде факультет деканының/Халықаралық кампустың атқарушы директорының дәлелді себебін көрсете отырып, осы факті туралы жазбаша хабардар етуге тиіс. Растайтын құжат аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде білім алушы болмау себептерін растайтын белгіленген үлгідегі құжаттардың түпнұсқаларын (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары және басқа құжаттар) ұсынады және жоғарыда көрсетілген құжаттарды қоса беретін балдарды пысықтауға рұқсат туралы деканатқа/халықаралық кампусқа өтініш береді.

3.9. Факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директор бір күннің ішінде білім алушының ұпай санын көтеру туралы өтініші мен ұсынылған құжаттардың негізінде сабақты босату себебінің дәлелді екенін растап, құжаттардың түпнұсқалығын анықтап, АҚД-ға жолдайды, АҚД директоры Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері және басқа да ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде, академиялық күнтізбеге сәйкес ұпай санын қарастыруға рұқсат беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

3.10. Оқу сабақтарын, ағымдағы және аралық бақылау кезеңдерін дәлелді себеппен жіберіп алған жағдайда, бірақ факультет деканын/халықаралық кампустың атқарушы директорын уақтылы хабардар етпегенде және/немесе дәлелді себептің бар екенін растайтын құжаттарды уақытында ұсынбаған кезде, сондай-ақ білім алушының өтінішін тіркеу бөліміне уақтылы тапсырмаған жағдайда, факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директоры аталған сабақтар мен ағымдағы және аралық бақылау кезеңдерінің жіберілуін дәлелсіз себеппен жіберілген деп таниды.

3.11. Білім алушы оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін дәлелсіз себептермен босатқан жағдайда, академиялық кезеңнің мерзімдерінен тыс уақытта ұпай санын арттыра алмайды.

3.12. Білім алушы дәлелді себептермен кәсіптік практика базасына уақытылы бармаған, аралық аттестаттау кезінде емтиханға, кәсіптік практика бойынша есебін қорғауға келмеген жағдайда, білім алушының өзі, білім алушының заңды өкілі немесе туыстары бір тәулік ішінде факультет деканына/халықаралық кампустың атқарушы директорына дәлелді себептерін көрсете отырып, осы факті туралы жазбаша хабарлауға және университетке бірінші келген күні белгіленген үлгідегі құжаттардың (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары және басқа да құжаттар) түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Сондай-ақ университетке бірінші келген күні білім алушы деканның/халықаралық кампустың атқарушы директорының атына академиялық мәселелер бойынша проректордың атына жазылған практика мерзімін өзгертуге, аралық аттестаттау мерзімін ұзартуға, есепті қорғау күнін өзгертуге рұқсат беру туралы өтініш беріп, оған кәсіптік практика базасына уақытылы бармағанын, аралық емтихан кезеңінде емтиханға келмеуін түсіндіретін дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды қоса береді.

3.13. Декан/халықаралық кампустың атқарушы директоры білім алушының практика мерзімін өзгертуге, аралық аттестаттау мерзімін ұзартуға, кәсіптік практика бойынша есепті қорғау күнін өзгертуге рұқсат беру туралы өтінішін және дәлелді себептердің болуын растайтын ұсынылған құжаттарды қарайды, құжаттардың түпнұсқалығын анықтайды, Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері, басқа да ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде академиялық күнтізбеге сәйкес, білім алушының өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы шешім қабылдайды.

3.14. Білім алушы дәлелді себептермен кәсіптік практика базасына уақытылы бармаған, аралық аттестаттау кезінде емтиханға, кәсіптік практика бойынша есебін қорғауға келмеген, бірақ ол жөнінде факультет деканын/халықаралық кампустың атқарушы директорын уақытында хабардар етпеген, дәлелді себептердің болғандығын растайтын құжаттарын уақытында ұсынбаған немесе өтінішін ТК уақытында ұсынбаған жағдайда, білім алушының аталған оқу шараларына себепсіз келмегені расталады.

3.15. Білім алушының кәсіптік практикасының мерзімдерін, кәсіптік практика бойынша есепті қорғау күнін өзгертуге, академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық кезеңнің мерзімдерін есепке алмай, дәлелді себепсіз аралық аттестаттау мерзімдерін ұзартуға жол берілмейді.

3.16. Білім алушы қорытынды аттестаттауға келмеген жағдайда білім алушының заңды өкілі немесе туыстары емтихан немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау күнінен кешіктірмей қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасына дәлелді себебін көрсете отырып, осы дерек туралы жазбаша хабарлауға міндетті және университетке бірінші күні келгенде, болмау себептерін растайтын белгіленген үлгідегі құжаттардың (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары және басқа құжаттар) түпнұсқаларын ұсыну. Сонымен қатар университетке бірінші күні келгенде білім алушы қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасының атына факультет деканатына/халықаралық кампусына қорытынды аттестаттау мерзімдерін өзгертуге рұқсат беру туралы өтініш береді, оған қорытынды аттестаттауға келмеуін түсіндіретін дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды қоса береді.

3.17. Қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның төрағасы қорытынды аттестаттау мерзімдерін өзгерту туралы білім алушының өтінішін және дәлелді себептің болуын растайтын ұсынылған құжаттарды бір күн мерзімде қарайды, құжаттардың түпнұсқалығын айқындайды, Академиялық саясат, Академиялық адалдық қағидалары, Академиялық күнтізбе бойынша қорытынды аттестаттау кезеңіне

сәйкес өзге де ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде білім алушының өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы шешім қабылдайды.

3.18. Білім алушы қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген жағдайда, бірақ ол жөнінде қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасын уақтылы хабардар етпесе және/немесе дәлелді себептердің болуын растайтын құжаттарды уақтылы ұсынбаса, өтінішін ТК уақытында ұсынбаса, қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның төрағасы қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмегенін мойындайды.

3.19. Қорытынды аттестаттау мерзімдерін дәлелді себептерсіз, қорытынды аттестаттау бойынша комиссия төрағасының келісімінсіз және академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімнен тыс өзгертуге жол берілмейді.

3.20. Оқу сабақтарын өткізіп алудың, кәсіптік практика базасына уақтылы келмеудің, аралық аттестаттау кезеңінде емтиханға келмеудің, кәсіптік практика бойынша есепті қорғаудың дәлелді себептері болып мынадай себептер есептеледі: науқастануы (өзі немесе кәмелетке толмаған баласының), жақын туыстарының (әкесі, анасы, әжесі, атасы, туған ағасы немесе әпкесі, баласы, жұбайы немесе зайыбы) қайтыс болуы, іссапар, өндірістік қажеттілік, төтенше оқиғалардың (апат, табиғи апат және т.б.) туындауы.

3.21. Білім алушылардың университеттің қоғамдық өміріне қатысуын факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директоры оқу сабақтарында болмау себептерінің, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерінің дәлелді екендігі туралы тиісті өкім шығара отырып, жеке тәртіпте қарайды.

3.22. Білім алушы дәлелді себептердің бар екенін куәландыратын жалған құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды және өзге де құжаттарды ұсынған жағдайда білім алушыға академиялық адалдық ережелеріне сәйкес, университеттен шығару сияқты тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.

3.23. Оқу деңгейлері мен нысандарына қарамастан, университеттің әр білім алушысының:

3.23.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес сапалы білім алу;

3.23.2. Негізгі (Minor) және қосымша (Minor) білім беру бағдарламаларын игеру;

3.23.3. Пререквизиттерді есепке ала отырып, жеке оқу жоспарын дербес қалыптастыру;

3.23.4. Білім беру бағдарламаларының академиялық кредиттерін бір және одан да көп академиялық кезеңдер ішінде ҚР ЖОО-ларында және шетелдік ЖОО-ларда академиялық және кредиттік ұтқырлық бағдарламалары бойынша ҚР республикалық бюджет қаражаты, жеке қаражаты немесе университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен игеру;

3.23.5. Оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбе шеңберінде дәлелді себеп болған жағдайда сессияны, кәсіби практика, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есептерді қорғау мерзімдерін ұзарту;

3.23.6. Қолданыстағы заңнамамен және университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген формада университетті басқаруға, соның ішінде университет қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысу;

3.23.7. ҚР қолданыстағы заңнамасымен және университеттің академиялық саясатымен белгіленген тәртіпте оқуға қайта кіру, ауысу, оқудан шығу және академиялық демалыс алу;

3.23.8. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға, кеңестерге, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу, өз жұмыстарын жариялау, соның ішінде университет басылымдарына ұсыну;

3.23.9. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының, университеттің басқару органдарының, факультеттердің, академиялық комитеттердің және т. б. мүшесі болу;

3.23.10. Университетте қолданылатын оқыту әдістері, тәсілдері мен технологиялары туралы өз көзқарастарын еркін білдіру, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар айту, пәндерді оқыту және ПОҚ оқу жұмысының өзге де түрлеріне баға беру;

3.23.11. Университетте білім беру және тәрбие үдерісімен қарастырылған іс-шараларды өткізу кезінде спорт, акт залдарын, кітапхананы, (абонементтер мен оқу залдарын), бассейнді, университеттің оқу, ғылыми және басқа да бөлімшелерінің қызметтерін тегін пайдалану;

3.23.12. Адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуі, ар-ождан бостандығы, ақпарат алу;

3.23.13. ББ шеңберінде оқу сабақтарына міндетті түрде қатысып және оқу жұмысының өзге де түрлерін уақтылы орындап, деканмен келісілген жағдайда оқудан бос уақытта кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдарда жұмысқа орналасу;

3.23.14. Бос орын болған жағдайда университеттің студенттік жатақханасында тұру;

3.23.15. Оқудағы, ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алу;

3.23.16. ҚР қолданыстағы заңнамасымен және университеттің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да құқықтары бар.

3.24. Оқу деңгейлері мен нысандарына қарамастан, университеттің әр білім алушысының төмендегідей міндеттері бар:

3.24.1. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес, білім, іскерліктер, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді толық көлемде меңгеру;

3.24.2. Міндетті түрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысу, кәсіптік практикадан өтуге уақытында кірісу, академиялық күнтізбемен, жеке оқу жоспарымен, магистранттың/докоранттың жеке жұмыс жоспарымен, кәсіптік практика жоспар-кестесімен, оқу жұмыс бағдарламасымен (силлабуспен) белгіленген мерзімде оқу тапсырмаларының барлық түрлерін орындау, қорғау үшін кәсіби практика бойынша есептерді уақытында ұсыну, білім беру бағдарламаларына сәйкес белгіленген үлгерімді бақылау мен қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерінен өту;

3.24.3. Дәлелді себептермен оқу сабақтарын, ағымдық және аралық бақылауды тапсыру кезеңдерін босатқан және кәсіби практика базасына, аралық аттестаттау кезеңінде емтиханға, қорытынды аттестаттауға, кәсіби практика бойынша есепті қорғауға уақытында келмеген жағдайда осы академиялық саясаттың 3.8, 3.12, 3.16 тармақтарына сәйкес Университетке хабарлау;

3.24.4. Академиялық айырмашылықты Университет тиісті бұйрығымен және/немесе білім алушының жеке жоспарында белгіленген мерзімдер мен шарттарда жою;

3.24.5. Жазғы семестрде немесе келесі академиялық кезеңде ақылы негізде академиялық айырмашылықты жою;

3.24.6. М. Қозыбаев атындағы СҚУ Академиялық саясатты, М. Қозыбаев атындағы СҚУ Корпоративтік этика кодексін мүлтіксіз сақтау;

3.24.7. Университетке қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде білім туралы шетелдік құжат негізінде түскен жағдайда білім туралы құжатты нострификациялау/тану процедурасынан өту;

3.24.8. Білім алушының Университетке қабылдану кезінде берілген отбасы жағдайы мен байланыс (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық пошта және т.б.) және басқа да ақпараттарындағы өзгерістер туралы Университетке уақытында хабарлау;

3.24.9. Өз денсаулығын нығайтуға, рухани жағынан дамуға ұмтылу;

3.24.10. Университеттің заңды мүдделеріне адалдықты сақтау, өз құқықтарын жүзеге асыру және университетке қатысты міндеттерді адал және ақылға қонымды орындау, оның мүдделеріне қаржылық зиян келтіретін іс-әрекеттерді, сондай-ақ имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді жасамау;

3.24.11. Университет білім алушыларының ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау, Университеттің үздік дәстүрлерін сақтау және дамыту;

3.24.12. Университет Жарғысының, университеттің академиялық саясатының және білім беру және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру бойынша Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындау;

3.24.13. Университетпен жасаған білім беру қызметін көрсету туралы шарттың, сондай-ақ басқа да шарттар мен келісімдердің талаптарын адал орындау;

3.24.14. Білім беру қызметін көрсету туралы шартқа сәйкес оқу құнын уақытында төлеу (ақылы негізде оқитындар үшін), 3 (үш) күн ішінде факультет деканына төлем туралы құжаттың көшірмесін ұсыну;

3.24.15. Университет, факультет/халықаралық кампус әкімшілігінің, кафедра меңгерушілерінің өз құзыреті шегінде шығарған бұйрықтарын, өкімдерін, нұсқауларын және ұйғарымдарын тиісті түрде орындау;

3.24.16. Факультеттің/халықаралық кампустың Білім беру бағдарламаларының жетекшілері болып табылатын Университет, факультет/халықаралық кампус әкімшілігінің кафедра стендіне шығаратын хабарландыруларымен және ақпараттарымен үнемі танысу, күн сайын университеттің ресми интернет-сайтына кіріп, сайттағы ақпаратпен танысу;

3.24.17. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарды және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқу тәртібі мен ережелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Университеттің Академиялық саясатын және басқа да ішкі нормативтік құжаттармен танысып, білу;

3.24.18. Педагогикалық қызметкердің, Университеттің басқа да қызметкерлерінің, сондай-ақ университетте оқитын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, оның ішінде: аудиторияға оқытушының, университет әкімшілігінің кіруі кезінде тұру; оқу сабақтарын қалыпты өткізуге кедергі келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу; сөйлеуде дөрекі, әдепсіз сөздерді пайдалануға жол бермеу; өзін лайықты ұстау, қарым-қатынас кезінде сыпайы және әдепті болу, жеке басын қорлауға жол бермеу; басқа тұлғаларға олардың міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамау;

3.24.19. Университеттің ішкі тәртібін, қоғамдық тәртіпті, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтау;

3.24.20. Университетте белгіленген кіруге рұқсат беру режимін сақтау, соның ішінде аумаққа, аудиторияға және университет бөлімшелеріне, басқа адамдарға кіруге рұқсат беру құқығын беретін өз құжатын бермеу және басқа тұлғаға берілген құжатты пайдаланбау;

3.24.21. Тұрғын үй заңнамасымен, университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен және тұрғын үй-жайды жалдау шартымен белгіленген жатақханада тұру ережелерін сақтау.

3.24.22. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария және жеке гигиена ережелерін сақтау;

3.24.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген іс-әрекеттерге, оқу уақытында, сондай-ақ оқудан тыс уақытта жол бермеу;

3.24.24. Университеттен шығарылған жағдайда, оқудан шығарылған күнге дейін Тіркеу кеңсесіне өткізу картаны, оқу билетін және университет берген басқа да құжаттарды тапсыру; университетке қаржылық қарыз болған жағдайда, қарыз сомасын толық көлемде өтеу; кету парағына қол қою және Тіркеу кеңсесіне ұсыну.

3.24.25. Заң актілеріне немесе келісім-шартқа сәйкес Университет жауап беретін университеттің мүлкіне, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірген жағдайда білім алушы толық материалдық жауапты болады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, ерікті түрде немесе сот шешімі негізінде Университетке келтірілген шығынды өтейді.

3.25. Залал (зиян) келтірілгеннен кейін, Университет пен білім алушы арасындағы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты тоқтату білім алушыны Университетке келтірілген залалды (зиянды) өтеу бойынша материалдық жауапкершіліктен босатпайды.

3.26. Білім алушының қолданыстағы заңнама нормаларын, ол жасасқан шарттар мен келісімдерді және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды және университет әкімшілігінің ұйымдастыру-өкімдік актілерін білмеуі білім алушыны университетке келтірілген залалды (шығынды) өтеу бойынша жауапкершіліктен және міндеттемелерден босатпайды.

3.27. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да университет әкімшілігі ЖОО басшылығымен өтініштерді қарастырудың келесі жүйесі жұмыс істейді: эдвайзер → кафедра меңгерушісі (ББ жетекшісі болып табылатын) → деканат (декан, бағыт бойынша декан орынбасары) → бағыт бойынша проректор → бірінші проректор →ректор. Аризона Университетімен қосдипломдық ББ үшін Университет әкімшілігінің білім алушылардың өтініштерін қараудың келесі жүйесі жұмыс істейді: эдвайзер → халықаралық кампус (атқарушы директор, атқарушы директордың бағыт бойынша орынбасары) → бағыт бойынша Басқарма мүшесі → Бірінші проректор – Ректор.

3.28. Басқарма Төрағасы – Ректорға жүгінген студенттердің шағымдары барлық оқу корпустарында орнатылған «Басқарма Төрағасы – Ректордың блогы» жәшіктері арқылы, қабылдау күндерінде жеке өтініш жасау, ректордың блогына жүгіну арқылы келіп түсуі мүмкін.

3.29. Оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, академиялық саясатты, Академиялық адалдық ережелерін, жатақханада тұру ережелерін, Корпоративтік этика кодексін бұзғаны үшін. М. Қозыбаев білім алушыларға мынадай тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; жатақханадан шығару; университеттен шығару.

3.30. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде 3.7, 3.8, 3.9, 3.10, 3.11, 3.12, 3.13, 3.16, 3.17, 3.18, 3.20-тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрады.

4. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу саясаты

4.1. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту білім алушының жеке білім траекториясын таңдауы мен дербес жоспарлауы негізінде кредиттік оқыту технологиясы арқылы іске асырылады.

4.2. Оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес әрбір білім алушы міндетті түрде оқу пәндеріне тіркелу (жазылу) және қайта тіркелу рәсімінен өтеді.

4.3. М. Қозыбаев атындағы СҚУ білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі шеңберінде оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасайды, ЭПК-ге енгізілген пәндермен (немесе) модульдерді және оқытушыларды таңдау еркіндігін жүзеге асырады, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз етеді.

4.4. Білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдауы мен оны игеру тәртібі пререквизиттердің болуын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

4.5. Білім алушыларға қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен меңгеру тәртібі аралас немесе бейінді ББ бойынша қосымша құзыреттер алу үшін, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

4.6. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді ТК ұйымдастырады. Ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізу үшін эдвайзерлер тағайындалады.

4.7. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.8. Ағымдағы оқу жылында ББ-ға қабылданған білім алушылар оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан, формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану рәсімінен кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей оқу пәндеріне тіркеу рәсімінен өтеді.

4.9. 2-5 курс білім алушылары 1-15 наурыз аралығында оқу пәндеріне тіркелу рәсімінен өтеді.

4.10. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімінің алдында деканаттар/халықаралық кампус ұйымдастыратын 21-28 ақпан аралығында ұйымдастыру апталығы өтеді.

4.11. Ұйымдастыру апталығы аясында факультет декандары/халықаралық кампустың атқарушы директоры бекіткен кестеге сәйкес эдвайзерлер білім алушыларға кеңес береді және оқытушылар оқу курстарының тұсаукесерлерін өткізеді.

4.12. Эдвайзерлер кеңес беруде міндетті түрде білім алушылармен ЖОЖ қалыптастыру бойынша таныстыру – әдістемелік жұмысын жүргізеді.

4.13. Білім алушының оқу пәндеріне тіркелу барысында пәнді, оқытушыны және пәнді оқыту тілін (қазақ, орыс немесе ағылшын) таңдауға мүмкіндігі бар.

4.14. Білім алушы оқу пәндерін, оқытушыларды және пәнді оқыту тілін таңдауды жеке білім беру қажеттіліктеріне сәйкес ерікті түрде жүзеге асырады.

4.15. Егер пәнге Университет белгілеген ең төменгі саннан аз білім алушы тіркелсе, ол пән тиімсіз болып саналып, білім алушылар қайта тіркеуден өтуі тиіс.

4.16. Ағымдағы оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін оқу пәндеріне қайта тіркеу рәсімі қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде, 1-15 сәуір аралығында 2-5 курс білім алушылары үшін, 25-30 тамыз аралығында жазғы семестрде пәндерді және/немесе кәсіптік іс-тәжірибені меңгеретін 2-5 курс білім алушылары үшін жүргізіледі.

4.17. Таңдау және пәнге жазылу негізінде білім алушының оқу жылына арналған Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады.

4.18. Білім алушылардың ЖОЖ факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директоры бекітеді, деканатта/халықаралық кампуста сақталады және ол білім алушының ББ-ны орындауы мен игеруін бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады.

4.19. Жеке оқу жоспарлары: ағымдағы оқу жылында оқуға қабылданған білім алушылар үшін қабылдау туралы бұйрық шыққан сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде, 2-5 курс білім алушылары үшін 30 сәуірге дейін, 25 тамызда жазғы семестрде пәндерді және/немесе кәсіптік тәжірибені меңгеретін 2-5 курс білім алушылары үшін әзірленеді және бекітіледі.

4.20. Факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директоры бекіткен рәсімнен кейін білім алушының ЖОЖ өзгертуге жол берілмейді.

4.21. Егер білім алушы белгіленген мерзімде оқу пәндерін таңдауды жүзеге асырмаса, пәндерге тіркелмесе және өзінің ЖОЖ қалыптастырмаса, онда оның оқу негізіне осы курстың жұмыс оқу жоспары қолданылады, бұл ретте таңдау бойынша пәндерді факультет деканы/халықаралық кампусының атқарушы директордың академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары анықтайды.

5. Оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру саясаты

5.1. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) бойынша жүзеге асырылады.

5.2. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да оқу жылының ұзақтығы академиялық күнтізбемен анықталады, ол университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.3. Оқу жылы қыркүйектен басталады, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша қыркүйек пен қаңтардан басталады және академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады. Оқу жылы: бағдарлау аптасынан, теориялық оқыту семестрлерінің академиялық кезеңдерінен (ұзақтығы 15 апта), білімнің аралық бақылауынан (емтихан сессиялары), қорытынды аттестаттаудан (бітіру курсы үшін), кәсіптік практикадан, жазғы семестрден, демалыстан тұрады.

5.4. Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақтан өте отырып, оқу пәндері мен кредиттерді игеру, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру, аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын игеру үшін, оның ішінде ақылы негізде қос дипломды білім беру шеңберінде (ақылы негізде білім алушылар үшін, сонымен қатар білім беру гранты мен мемлекеттік тапсырыс иегерлері үшін) 6 аптадан кем емес мерзімде жазғы семестр ұйымдастырылады. Жазғы семестр 25 тамызға дейін аяқталуы тиіс.

5.5. Жазғы семестр бітіруші курс студенттері үшін ұйымдастырылмайды.

5.6. Жазғы семестр білім алушыларға пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз бағаны жоюға, қайта қабылдау немесе ауысу кезінде пайда болған пән айырмашылығын жоюға, бұрын игерілген пререквизиттерге байланысты жеке жоспарға түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

5.7. Жазғы семестр кезінде білім алушы аптасына 2 кредиттен артық емес кредитті меңгеруге құқылы.

5.8. Университетте оқудың барлық кезеңінде білім алушы ЖЖООКББМЖМС анықтайтын кредиттердің қажетті санын меңгеруі тиіс.

5.9. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

5.10. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу нәтижелері бойынша жеке оқу жоспарлары негізінде жұмыс оқу жоспарлары құрылады, әрбір ББ және кафедра және халықаралық кампус бойынша оқу жүктемесі мен штаттық бірлік саны анықталады.

5.11. Оқу жұмыс жоспарлары Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің отырысында бекітіледі. Аризона Университетімен қосдипломдық ББ-ге арналған жұмыс оқу жоспарлары халықаралық кампус отырысында бекітіледі.

5.12. Оқу сабақтары кестеге сәйкес жүргізіледі. Оқу сабақтарының кестесі оқу жылының әр семестріне құрастырылады және оны Академиялық мәселелер бойынша Басқарма Мүшесі бекітеді. Аризона Университетімен қосдипломдық ББ-дегі оқу сабақтары оқу жылының әр семестріне құрастырылған және интернационалдандыру және халықаралық бағдарламалар жөніндегі Басқарма мүшесі бекіткен Университет кестесіне, сондай-ақ оқу жылының әр семестріне арналған Аризона Университетінің оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5.13. Оқу сабақтарының кестесі ББ жұмыс оқу жоспарларына сәйкес «Пән – Оқытушы» қағидаты бойынша жасалады.

5.14. Сабақ кестесі оқытушылар мен білім алушылардың міндетті түрде орындауына қажетті құжат болып табылады.

5.15. Оқу сабақтарын тиісті кафедралардың ПОҚ жүргізеді: профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, өндірістен тартылған тәжірибелі мамандар. Оқу сабақтарын қосдипломдық ББ Университеттің пәндері бойынша Аризона Университетімен кафедралардың ПОҚ және халықаралық кампустың ПОҚ жүргізеді: профессорлар (халықаралық), профессорлар, қауымдастырылған профессорлар, аға оқытушылар, Senior English Instructor, тілдік құзыреттілікті дамыту нұсқаушылары. Аризона Университетінің Аризона университетімен қосдипломдық ББ пәндері бойынша оқу сабақтарын Аризона университетінің оқытушылары біріктірілген онлайн/офлайн форматта өткізеді: D2L платформасын қолдана отырып және Аризона Университетінің оқытушыларының СКУ кампусына сапарлары кезінде офлайн.

5.16. Дәрістік сабақтарды ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) және (немесе) бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атағы (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) бар, сондай-ақ тиісті ғылым магистрі дәрежесі бар және (немесе) аға оқытушы лауазымында кемінде үш жыл өтілі немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар қамтамасыз етеді.

5.17. Дәрістерді оқуға және (немесе) басқа да оқу сабақтарының түрлерін өткізуге кадрлар даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін экономика саласында практикалық жұмыс тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

5.18. Дипломдық жұмыстарды, дипломдық жобаларды, магистрлік диссертацияларды, магистрлік жобаларды, докторлық диссертацияларды басқаруды білім деңгейіне сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетін оқытушылар жүзеге асырады.

5.19. Кафедра меңгерушілері және халықаралық кампустың атқарушы директордың академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары семестр бойы ПОҚ оқу

сабақтарының өткізілуін, өзара сабаққа қатысуларын бақылайды, уақытша жұмысқа жарамсыздығы немесе ПОҚ іссапарлары болған жағдайда оқу сабақтарын ауыстыруды ұйымдастырады.

5.20. Факультет декандары/халықаралық кампустың атқарушы директоры ПОҚ оқу сабақтарын өткізуін, білім алушылардың оқу сабақтарына қатысуын, білім алушылардың ағымдағы үлгерімін және рейтинг нәтижелерін, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін бақылайды.

5.21. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да оқу үдерісі келесі оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз етіледі: ББ; жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) және/немесе пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (ЭОӘК).

5.22. Оқу-әдістемелік құжаттамалардың формасы, құрылымы, әзірлеу және бекіту тәртібі СҚУ 53 ІНҚ М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да Білім беру бағдарламаларын жасау және рәсімдеу ережесі және СҚУ 39 ІНҚ М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да оқу-әдістемелік құжаттарды ресімдеу және әзірлеу бойынша талаптар мен әдістемелік ұсыныстармен анықталады.

5.23. Барлық дайындық деңгейлерінің ББ модульдік қағидат бойынша құрылады, ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес әзірленеді және оқыту нәтижесіне бағдарланады.

5.24. Оқыту нәтижелері ББ, модуль, пән және кәсіби практика бойынша қалыптастырылады. Пән бойынша және кәсіптік практика бойынша оқыту нәтижелері тиісті бағалау құралдарымен тексерілуі және бағалау критерийлері болуы тиіс.

5.25. Жоғары білім берудің негізгі ББ (Major) мазмұны үш циклдік пәндерден тұрады: жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндік пәндер (БП). ЖБП циклы міндетті компонент (МК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. Базалық пәндер мен бейіндік пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін қамтиды.

5.26. Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабустарын) дәріс сабақтарын жүргізетін оқытушы ББ-ның барлық пәндері бойынша әзірлейді және кафедра кеңесінің/халықаралық кампустың /халықаралық кампустың отырысында 30 маусымға дейін бекітіледі және электрондық кітапханаға орналастырылады. Аризона Университетінің қосдипломдық ББ пәндері бойынша силлабустарды Аризона Университетінің оқытушылары белгіленген стандарттар бойынша әзірлейді және Аризона Университетінің ресурстарында орналастырылады.

5.27. Кәсіптік тәжірибелердің барлық түрлерінің мазмұны тәжірибелердің оқу бағдарламаларымен айқындалады. Кәсіптік практиканың әрбір түрі бойынша практиканың Жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.

5.28. Тәжірибелердің оқу бағдарламаларын кафедралар/халықаралық кампус әзірлейді, оны кафедра/халықаралық кампус кеңесінің 30 маусымға дейін бекітеді және электрондық кітапханаға орналастырылады.

5.29. Аралық және қорытынды аттестаттау кестесін АҚД жасайды, оны Академиялық мәселелер бойынша Басқарма Мүшесі бекітеді.

5.30. Қорытынды аттестаттаудың нысаны кешенді емтихан тапсыру, сондай-ақ дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны, оның ішінде пәнаралық жобаларды жазу және қорғау болып табылады. Кафедралар/халықаралық кампус кешенді емтихандардың бағдарламаларын және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау бойынша

әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді. Бұл құжаттар кафедра/халықаралық кампус отырысында бекітіліп, М. Қозыбаев атындағы СҚУ электрондық кітапханасында орналастырылады. Дипломдық жобаларды, оның ішінде пәнаралық дипломдық жобаларды орындау «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ білім алушыларының дипломдық жобаларды орындауын реттейтін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5.31. Білім алушылардың пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен), практикалардың оқу бағдарламаларымен, қорытынды аттестаттаудың кешенді емтихан бағдарламасымен, кәсіптік практиканың әдістемелік ұсынымдарымен, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау бойынша әдістемелік ұсынымдармен қамтамасыз етілуіне оқу жылы басталғанға дейін кафедра меңгерушісі/халықаралық кампустың атқарушы директордың академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары жауапты болады.

5.32. Оқу және оқу-әдістемелік материалдарды (оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстар, дәрістер курстары, тестілер, электрондық оқу басылымдары және т.б.) оқытушының бекітілген жеке жоспарларына, кафедралардың/халықаралық кампустың жұмыс жоспарларына, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару жоспарларына сәйкес ПОҚ әзірлейді.

5.33. Білім алушының оқу жүктемесі аудиториялық және аудиториядан тыс болып бөлінеді.

5.34. Білім алушының аудиториялық жүктемесіне дәрістік сабақтар, практикалық сабақтар, зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар жатады.

5.35. БОӨЖ дәріс сабақтарын және/немесе практикалық сабақтар жүргізетін оқытушыға жоспарланады.

5.36. БОӨЖ ОҮББ және/немесе кафедра/халықаралық кампус қалыптастыратын кесте бойынша жүзеге асырылады.

Кафедра/халықаралық кампус құрған БОӨЖ сайтқа орналастыру үшін ОҮББ-ге ұсынылады.

5.37. Өзіндік жұмыстың барлық түрлері жұмыс оқу бағдарламасында (силлабуста) нақты тапсырмаларды, бағалау критерийлерін және оларды тапсыру кестесін көрсете отырып, міндетті түрде сипатталады. БӨЖ тапсырмалары пән модульдерінің санымен, ал.

5.38. *Алынып тасталсын*.

5.39. *Алынып тасталсын*.

5.40. ҚОТ қолдана отырып, оқыту асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады және оқытуды басқару жүйесінде (LMS) оқу материалдарын өз бетінше игеру арқылы. Оқу процесіне ілеспе материалдардың мазмұны «Электрондық кітапхана» АЖ-да орналастырылады (http://is.nku.edu.kz/e-library/).

5.41. Қашықтықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы сақталады.

5.42. *Алынып тасталсын*.

5.43. М. Қозыбаев СҚУ-да төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі және/немесе шектеу шаралары режимі кезеңінде білім беру үдерісі аралас және/немесе қашықтықтан және/немесе дәстүрлі форматта білім беру үдерісі

қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады.

5.44. *Алынып тасталсын*.

5.45. *Алынып тасталсын*.

5.46. Онлайн-оқыту нысанында оқытуға соңғы 3 жылда жалпы көлемі кемінде 72 сағат IT-құзыреттілік, онлайн-оқыту әдістемесі мен технологиясы саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткен профессор-оқытушылар құрамы жіберіледі.

6. Кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу және тәжірибе базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау саясаты (қағидалары)

6.1. Ереже М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

6.2. Кәсіби тәжірибе теориялық оқытудың жалғасы болып табылады және ББ оқу мақсаттары мен оқу нәтижелерінің бірлігін көздейтін оқу пәндері бар модульге енгізіледі. Сонымен қатар, кәсіби тәжірибенің әрбір түрі әртүрлі модульдерге жатады.

6.3. Кәсіби тәжірибе білім алушылардың жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттіліктерді игеру процесінің үздіксіздігі мен дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталған және 1 курстан бастап жоспарланады.

6.4. Кәсіби тәжірибенің түрлері, мерзімдері, мазмұны ББ, академиялық күнтізбе және тәжірибенің жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалады. Кәсіби тәжірибенің әрбір түрінің өзіндік мақсаттары, міндеттері бар, олардың негізінде кәсіби тәжірибенің тиісті базасы анықталады.

6.5. 6В01 Педагогикалық ғылымдар және 6В10 Денсаулық сақтау салаларын қоспағанда, барлық бакалавриат ББ кәсіптік практикасы келесі түрлермен ұсынылған: оқу, өндірістік және диплом алды.
Білім беру саласы 6В01 Педагогикалық ғылымдар бойынша – оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық және диплом алды.
6В10 Денсаулық сақтау ББ бойынша – оқу және өндірістік тәжірибе.

6.6. Магистранттар мен докоранттардың кәсіби тәжірибесі мынадай түрлермен ұсынылған:

- бейіндік магистратура: өндірістік тәжірибе;

- ғылыми-педагогикалық магистратура: педагогикалық тәжірибе, зерттеу тәжірибесі;
- ғылыми-педагогикалық докторантура: педагогикалық тәжірибе, зерттеу тәжірибесі.

6.7. Оқу тәжірибесі университеттің құрылымдық бөлімшелері мен зертханаларында, мектептерде, қажетті кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуеті бар кәсіпорындар мен ұйымдарда, негізгі қызметі осы ББ бойынша түлектердің кәсіби қызметінің объектілері мен түрлерінің болуын алдын ала айқындайтын бөгде ұйымдарда (білім беру, өндірістік, ғылыми-зерттеу, жобалау) жүргізіледі. Сонымен қатар, оқу тәжірибесі кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында далалық зерттеулер мен экскурсияларды қамтиды.
Өндірістік тәжірибе негізгі қызметі осы ББ бойынша түлектердің кәсіби қызметінің объектілері мен түрлерінің болуын алдын ала айқындайтын ұйымдарда (білім беру, өндірістік, ғылыми-зерттеу, жобалау) ұйымдастырылады.

Зерттеу тәжірибесі М. Қозыбаев атындағы СҚУ немесе кәсіпорын базасында магистрлік жұмыстың (жобаның) немесе докторлық диссертацияның эксперименттік немесе тәжірибелік бөлігі жүзеге асырылатын ұйым негізінде жүргізіледі.

6.8. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім алушылар үшін бітіру курсында диплом алды тәжірибе ұйымдастырылады. Диплом алды тәжірибенің мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады. Диплом алды тәжірибенің мақсаты жеке тапсырмаға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін қажетті материалдарды жинақтау мен жүйелеу және дипломдық жұмысты (жобаны) жазу болып табылады.

6.9. Білім алушылардың кәсіби тәжірибесінің ұзақтығы академиялық кредиттерде айқындалады. 1 тәжірибенің академиялық кредиті 30 академиялық сағатты құрайды.

6.10. Білім алушылардың кәсіби тәжірибесін өткізу үшін университет тәжірибе базаларымен шарттар жасасады, олармен тәжірибе басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей тәжірибеден өтудің бағдарламасы мен күнтізбелік кестелерін келіседі. Шарт үш жақты (білім алушы – М. Қозыбаев атындағы СҚУ – тәжірибе базасы), екі жақты (М. Қозыбаев атындағы СҚУ – тәжірибе базасы) немесе оферта шарты болуы мүмкін.

6.11. Кәсіби тәжірибені өткізуге арналған шарттар МжЖҚО-да 5 жыл сақталады.

6.12. Білім алушыларды тәжірибеге жіберу кафедра/халықаралық кампус ұсынысы негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесінің бұйрығымен ресімделеді.

6.13. Өндірістік және педагогикалық тәжірибеден өтуге тиісті курсқа ауыстырылған және тәжірибенің жұмыс оқу бағдарламасында сипатталған тәжірибенің пререквизиттерін меңгерген білім алушылар жіберіледі.

6.14. Теориялық оқуды аяқтамаған (академиялық қарызы немесе академиялық айырмашылығы бар) бітіру курсының білім алушылары өндірістік және диплом алды тәжірибеге жіберілмейді.

6.15. Жоғары білімі бар немесе техникалық және кәсіптік, немесе орта білімнен кейінгі білімі бар студенттер, білім беру саласындағы 6В10 Денсаулық сақтау ББ қоспағанда, ұйымдары кәсіптік қызмет саласына сәйкес келетін лауазымдарда жұмыс істеген жағдайда оқу, өндірістік және педагогикалық практикадан өтуден босатылады. Бұл жағдайда білім алушылар тәжірибе өткізілгенге дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде атқаратын лауазымын, жұмыс өтілін көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама ұсынады және кафедра берген жеке тапсырманы орындайды. ББ кәсіби қызмет саласына сәйкес келмейтін лауазымдарда жұмыс істейтін студенттер белгіленген тәртіппен кәсіби тәжірибеден өту үшін жіберіледі.

6.16. Білім алушыға тәжірибе базасына жіберілген кезде кәсіби тәжірибеден өтуге жолдама, бағдарлама және жұмыс жоспары-кестесі/ кәсіби тәжірибенің жеке тапсырмасы беріледі (егер ЖОД-да көзделсе). Университет базасында тәжірибеден өткен жағдайда білім алушыға тәжірибеге жолдама берілмейді.

6.17. Тәжірибе басталғанға дейін білім алушы тәжірибенің жұмыс оқу бағдарламасымен танысуға тиіс. Тәжірибе базасынан медициналық комиссиядан өту қажеттілігі туралы талап болған жағдайда білім алушының санитариялық кітапшасы болуға тиіс.

6.18. Білім алушылардың тәжірибесінде ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты кафедраның/халықаралық кампустың тәжірибе жетекшісі жүзеге асырады.

6.19. Тәжірибе базасынан тағайындалған басшылар шарт талаптарына сәйкес бағдарлама мен жұмыс жоспарын-кестені және тәжірибенің жұмыс оқу бағдарламасын сәтті орындау үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.

6.20. Тәжірибе процесінде білім алушы тәжірибе бағдарламасын және тәжірибе бағдарламасында көзделген жеке тапсырмаларды толық орындауы, тәжірибе базасында қолданылатын ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне бағынуы; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

6.21. Білім алушының тәжірибе бағдарламасында көзделмеген жұмыстарға қатыспауға, мамандық бейіні бойынша ақылы лауазымдарға бос орындар болған кезде қызметке орналасуға, кәсіби тәжірибені жетілдіру (жақсарту) жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

6.22. Тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылар тиісті кафедраға немесе халықаралық кампусқа есеп, жолдама және ұйымнан тәжірибе басшысының бағалауымен мінездеме ұсынады. Тәжірибе нәтижелерін ЖОО БАЖ кафедраның/халықаралық кампустың тәжірибе жетекшілері болып табылатын оқытушылар толтырады.

6.23. Кәсіби тәжірибеден өтпеген, кәсіби тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмыс туралы теріс пікір алған немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар келесі академиялық кезеңде теориялық оқытумен қатар немесе қосымша семестр кезеңінде тәжірибеге қайта жіберіледі. Тәжірибе бойынша нәтижелерді бағалаумен келіспейтін білім алушылардың СҚУ ПРО 706-17 негізінде апелляцияға өтініш беруге құқығы бар.

6.24. Тәжірибенің барлық түрлері кредиттік мәнерге ие. Тәжірибеден өту нәтижелері балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады және ол курстан курсқа ауыстыру кезінде білім алушының GPA санауда ескеріледі.

6.25. Төтенше жағдай және/немесе карантин режимі кезеңінде университеттегі кәсіби тәжірибелер М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.

7. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты

7.1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік және әділдік, ашықтық және айқындық қағидаттарына негізделеді.

7.2. Факультет деканы/халықаралық кампустың атқарушы директоры тарапынан білім алушылардың үлгеріміне, академиялық берешегіне, академиялық айырмашылықтарына тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі.

7.3. Білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері 100 ұпайлық шкала бойынша бағаланады. Аризона Университетінің пәндері бойынша қосдипломдық ББ білім алушыларының оқу жетістіктері білімді бағалаудың әріптік жүйесі бойынша бағаланады және өзара есеп айырысу жоспарларына (Articulation Charts) және ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу жүйесіне сәйкес ЖЖОКБҰ-әріптес транскриптінің негізінде Университет транскриптіне енгізіледі.

7.4. Емтихан нәтижелері бойынша қорытында баға ұпаймен және әріппен қойылады. Емтихан қорытындысы бойынша ұпайлар мен әріптік жүйемен берілген бағалардың арақатынасы келесі кестеде берілген:

Әріп жүйесі бойынша баға	Сандық эквиваленті	Ұпай бойынша баға	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

7.5. Қорытынды бақылау бойынша жақсы бағаны жоғарылату мақсатындағы қайта тапсыру жазғы семестр уақытында ғана мүмкін.

7.6. Оқуға қабылданғаннан кейінгі екі ай ішінде әр магистранттың магистрлік диссертациясына (жобасына) жетекшілік ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

7.7. Оқуға қабылданғаннан кейінгі екі ай ішінде докоранттың докторлық диссертациясына (жобасына) жетекшілік ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр ішінде анықталады. Докторант бірінші оқу жылында докторлық диссертация тақырыбының атауына өзгерістер енгізеді.

7.8. Магистрлік және докторлық диссертациялардың ғылыми жетекшілігі мен тақырыптары Басқарма Төрағасының бұйрығымен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) ғылыми басшылығы мен тақырыптары академиялық кеңестің шешімі негізінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Оқудың төртінші жылының соңында үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша әрбір білім алушыға магистрлік жобаны басқару үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Ғылыми жетекші және білім алушының зерттеу тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

7.9. Қорытынды аттестацияны өткізу үшін факультет деканларының/халықаралық кампустың атқарушы директорының ұсыныстары мен М. Қозыбаев атындағы СҚУ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде 30 қарашаға дейінгі (қаңтар қабылдауы) және 30 наурызға дейінгі (тамыз қабылдауы) мерзімде АМ жөніндегі Басқарма мүшесінің бұйрығымен қорытынды аттестаттау бойынша аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы бекітіледі. Қорытынды аттестация бойынша комиссия төрағасы қатарынан үш жыл мерзімнен аспайтын уақытқа бекітіледі.

7.10. Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін факультет деканларының/халықаралық кампустың атқарушы директорының ұсыныстары негізінде 30 қарашаға дейінгі (қаңтар қабылдауы) және 30 наурызға дейінгі (тамыз қабылдауы) мерзімде АМ жөніндегі Басқарма мүшесінің бұйрығымен қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссиясының құрамы бекітіледі.

7.11. Қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссиясының төрағасы Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі болып табылады.

7.12. Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) плагиат материалдың (заимствованный материал) бар-жоғына және мағынасын өзгертпей (парафраз) сөздер мен сөйлемдерді синониммен ауыстыра отырып мәтіннің қолданылуына тексеруден өтеді. Докторлық диссертация мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың Ұлттық орталығы жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінінің көшіріп алуын анықтау мәніне тексеруден өтеді.

7.13. Тексеру жүйесінің лицензиялық нұсқасын пайдалана отырып дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) басқа мәтіндерден көшіріп алу жағдайына қорытынды тексеру нәтижелері білім алушыға қорытынды баға қою кезінде ескеріледі және ғылыми жетекшінің пікіріне қоса ұсынылады.

7.14. Қорытынды аттестаттауға МЖБС ББ және жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған, оқу ақысын төлеу бойынша берешегі жоқ білім алушы жіберіледі.

7.15. Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған, ББ толық көлемде игермеген бітіруші курстың білім алушылары жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалдырылады.

7.16. Бакалавриаттың білім алушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей тегі, аты, әкесінің аты, мамандықтары (ББ) көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде факультет деканының/халықаралық кампустың атқарушы директорының өкімімен ресімделеді және аттестаттау комиссиясына ұсынылады.

7.17. Магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу факультет деканының өкімімен қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 10 күннен кешіктірілмей ресімделіп, аттестаттау комиссиясына немесе диссертациялық кеңеске ұсынылады.

7.18. Білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей аттестаттау комиссиясының хатшысына келесі құжаттарды тапсырады: дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны); «қорғауға рұқсат етіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытынды берілген дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі; қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе магистрлік диссертацияның (жобаның) жан-жақты сипаттамасы және білімді бағалаудың ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы мен «бакалавр» дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды берілген дипломдық жұмысқа (жобаға) немесе магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензия, плагиат бойынша тексеруден өткені туралы анықтама.

7.19. Білім алушы рецензенттің қорытындысы оң немесе теріс болса да дипломдық жұмысты (жобаны) және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберіледі.

7.20. Магистрантты магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберудің міндетті шарты диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференция материалдарында кемінде бір жарияланымның болуы және ғылыми тағылымдамадан өтуі болып табылады.

7.21. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың сыртқы мамандарымен ғана жүзеге асырылады.

7.22. Магистрлік диссертацияларды (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын магистерлік диссертация (жоба) бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, ғылыми

атағы, философия докторы (Phd), бейіні бойынша академиялық дәрежесі доктор немесе магистр дәрежесі бар сыртқы мамандармен ғана жүзеге асырылады.

7.23. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік жұмыстардың (жобалардың), диссертациялардың рецензенттері жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіле отырып, бітіруші кафедра меңгерушісінің/халықаралық кампустың ұсынуы негізінде Басқарма мүшесі (АВ бойынша) тарапынан жалпы тізіммен бекітіледі: 30 қарашаға дейін (қаңтардағы қабылдау үшін) және 30 наурызға дейін (тамыздағы қабылдау үшін).

7.24. Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны), оның ішінде пәнаралық жұмыстарды қорғау аттестациялық комиссияның кемінде үштен екісі қатысатын ашық отырысында өткізіледі.

7.25. Докторлық диссертацияларды қорғау диссертациялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады.

7.26. Кешенді емтиханның тапсырылу және дипломдық жұмыстың (жобаның), магистрлік диссертацияны (жобаның) қорғалу нәтижелері өткізілген күні аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

7.27. Аттестаттау комиссиясының барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді. Хаттама дауыс беру құқығы жоқ аттестаттау комиссиясының хатшысымен толтырылады.

7.28. Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес университет мұрағатында сақталады.

7.29. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі немесе «маман» біліктілігі және қосымшасы бар диплом тегін беріледі.

«Денсаулық сақтау» бағытындағы жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға «денсаулық сақтау бакалавры» дәрежесі беріледі және дипломға (Diploma Supplement (диплом саплэмент)) қосымшасы және (немесе) жалпыеуропалық қосымшасы бар жоғары білім туралы диплом беріледі, Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын алуға мүмкіндік береді.

Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға «медицина магистрі» дәрежесі беріледі, дипломға қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) және (немесе) жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement (диплом саплэмент), интернатураны бітіргені туралы куәлік және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты беріледі.

MBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) тегін беріледі.

Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған Аризона Университетімен қосдипломдық ББ білім алушыларына Университеттің аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар Университет дипломы беріледі. Аризона Университеті дипломды қосымшамен береді.

Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған Аризона Университетімен бірлескен (халықаралық) ББ білім алушыларына Университеттің аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар Университет дипломы беріледі. Аризона Университеті қолдау хатын (сертификат) береді.

7.30. Дипломға қосымша оқу жоспарлары мен бағдарламаларында көзделген көлемде барлық пәндер бойынша алған бағаларына, тапсырылған курстық жұмыстарға (жобаларға), практикалардың түрлеріне және қорытынды аттестаттау нәтижелеріне сәйкес білім алушының жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде толтырылады.

7.31. Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша білімді бағалаудың ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша көлемі кредитпен және академиялық сағаттармен көрсетілген соңғы бағалары жазылады.

7.32. Емтихандарды, кәсіби тәжірибе бойынша есепті, ҒЗЖ/ЭЗЖ тапсырып, қорғауда A, A- «өте жақсы», B-, B, B+ «жақсы» деген бағалар алып, оқудың барлық кезеңінде үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаған, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) A, A – «өте жақсы» бағаларымен орындап, қорғаған білім алушыға үздік диплом (әскери дайындық және қосымша білімнің басқа түрлері бойынша бағаны есепке алмағанда) беріледі.

7.33. Оқу кезеңінде емтиханды қайта тапсырған немесе екінші рет тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

7.34. Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жазып, талқылау және бекіту мақсатында М. Қозыбаев атындағы СҚУ Ғылыми кеңесінің отырысына ұсынады.

7.35. *Алынып тасталсын*.

7.36. Төтенше жағдай және/немесе карантин режимі кезінде ҚОТ қолдана отырып білім беру үдерісін ұйымдастыру аясында ағымдағы, аралық бақылау мен аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру ерекшеліктері М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру ережелерімен анықталады.

7.37. Төтенше жағдай режимі және/немесе карантин режимі кезінде 7.16, 7.17, 7.18-тармақтардың қолданылуы тоқтатылады.

8. Ауысу, оқуға қайтадан қабылдау, оқудан шығару және академиялық демалыс беру саясаты

8.1 Білім алушы ауысу, оқуға қайтадан қабылдану, оқудан шығу және академиялық демалыс алу құқығына ие.

8.2 Білім алушыларды ауыстыру бір ББ, бір оқу формасы, бір жоғары оқу орны, бір оқу тілінен екіншісіне, ақылы оқудан білім грантына және, керісінше, курстан курсқа ауыстыру түрінде жүзеге асырылады. ББТ шеңберінде бір ББ-дан екінші ББ-ға ауысқан кезде грант сақталады.

8.3 Ауысу оқуға және қайтадан қабылдану процедурасы каникул уақытында ғана жүзеге асырылады.

8.4 Ауысу оқуға және қайтадан қабылдану М. Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма Төрағасы атына жазылған, ТК тапсырылатын өтініш негізінде жүзеге асырылады.

8.5 Білім алушы, басқа ЖОО-ға ауысқан кезде кезекті академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін он күннен кешіктірілмей, М. Қозыбаев атындағы СҚУ Басқармасы Төрағасы атына ресімделген кету қағазы мен басқа ЖОО-на ауысу туралы жеке ісі және /немесе бұйырық көшірмесі тіркелген өтініш жазады. Білім алушы бір жоғары оқу орнынан екінші оқу орнына сұрау немесе оқуға қабылдану туралы бұйрық күнінен бастап ауыстырылады.

8.6 Басқа жоғарғы оқу орнынан ауысқан білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚУ Басқармасы Төрағасы атына ТК кезекті академиялық кезең басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей ауысу туралы өтініш жазады.

8.7 Білім алушы ақылы оқудан конкурстық негізде білім беру грантына ауысу туралы өтінішін жазғы каникул уақытында 30 шілдеге дейін, қысқы каникул уақытында 15 қаңтарға дейін жазып, Bursar's Office тапсырады.

8.8 Білім алушы бір ББ, бір оқу формасы, бір жоғары оқу орны, бір оқу тілінен басқасына ауысқанда кезекті академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей ТК ауыстыру туралы өтініш жазады.

8.9 Білім алушының кешігіп тапсырған ауыстыру туралы өтініші ТК тарапынан қабылданбайды және қарастырылмайды.

8.10 М. Қозыбаев атындағы СҚУ үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша түскен студенттер, сондай-ақ педагогикалық мамандықтарға квота бойынша түскен білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ тек ақылы түрде ауыстырылады.

8.11 Білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚУ-ға басқа ЖОО-дан ауысқан кезде оның дайындық бағыты, білім беру бағдарламасының бейіні, оқу жетістіктері, шетел азаматтары үшін ағылшын тілінде оқытатын білім беру бағдарламаларына ағылшын тілін меңгеру деңгейі, Аризона Университетімен қосдипломдық ББ аудару үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейі, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайлары ескеріледі.

8.12 Білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚУ-ға бірінші академиялық кезеңді (триместр, семестр, тоқсан) толық аяқтаған кезде ауыса алады немесе қайта келе алады.

8.13 Транскрипте немесе академиялық анықтамада 30 кредиттен аспайтын академиялық айырмашылығы бар немесе саны 2-ден артық F, FX бағасы бар білім алушы басқа ЖОО-дан М. Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауыстырылмайды.

8.14 8 кредиттен артық академиялық қарызы немесе академиялық айырмашылығы бар білім алушы басқа оқу орнынан бітіру курсына қабылданбайды.

8.15 Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтарынан басқа білім беру бағдарламаларының топтарына ауыстыру белгіленген шекті ұпайдан төмен емес ұпайы бар ҰБТ сертификаты болған кезде ғана жүзеге асырылады. Білім алушыларды шетелдік ЖОО-дан М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ға ауыстыру университеттің тиісті білім деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бар және (немессе) білім беру саласындағы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастығына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

8.16 Ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша университетке қабылданған, ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған, ҰБТ нәтижелері бойынша сәйкес келмейтін бейіндік пәндер комбинациясы бар ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды

ауыстыру және қайта қабылдау белгіленген шекті балдан төмен емес балы бар ҰБТ сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

8.17 Ақылы оқудан білім беру грантына ауыстыру ҚР ҒжЖБМ нормативтік талаптарына сай бос орындар болған кезде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8.18 Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру АМ жөніндегі Басқарма мүшесінің бұйрығымен жүзеге асырылады. АМ жөніндегі Басқарма мүшесінің бұйрықтары факультет декандарының ұсыныстары негізінде жасалады. Бірінші бұйрық шілде айында жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша шығарылады. Екінші бұйрық шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушыларды қоспағанда, жазғы семестрдің қорытындылары бойынша академиялық кезең басталғанға дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмейтін шығарылады.

8.19 Білім беру саласындағы 6В10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) ББ қоспағанда, барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыны курстан курсқа (бітіру курсынан басқа) ауыстыру үшін жеке оқу жоспарының орындалуы және оқу ақысын төлеу бойынша қарыздарының болмауы негіз болып табылады. 16 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.

8.20 Білім алушыны білім беру саласының 6В10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) ББ бойынша курстан курсқа ауыстыруға жеке оқу жоспарын орындауы, М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да белгіленген межеден төмен емес үлгерімнің орташа ұпайын (GPA) жинауы және оқу ақысын төлеу бойынша қаржылық қарыздарының болмауы негіз болып табылады. 16 академиялық кредиттен артық академиялық қарызы бар немесе ЖОО-да белгіленген межеден төмен үлгерімнің орташа балын (GPA) жинаған білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.

8.21 8 кредиттен артық академиялық қарызы бар білім алушы бітіру курсына ауыстырылмайды.

8.22 Оқу ақысын төлеу бойынша қарызы бар ақылы түрде оқитын білім алушы курстан курсқа ауыстырылмайды.

8.23 Келесі курсқа ауыстырылмаған білім алушы қайта оқу курсына қалдырылады немесе академиялық үлгерімінің төмендігі үшін оқудан шығарылады.

8.24 Курста қайта оқуды ресімдеу үшін білім алушы 25 тамызға дейінгі мерзімде ТК Басқарма Төрағасы – Ректордың атына өтініш береді. Білім алушының өтініші негізінде курста қайта оқу туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

8.25 Қайта оқуға өтініш бермеген білім алушы академиялық үлгерімінің төмендігі үшін факультет деканының ұсынысы негізінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен 26 тамызға дейінгі мерзімде оқудан шығарылады.

